

ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ ОТЕЧЕСТВЕННОГО И ЗАРУБЕЖНОГО ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ ACTUAL ISSUES OF DOMESTIC AND FOREIGN LITERARY

DOI 10.31489/2021Ph4/98-103

ӨОЖ 82.091

М.С. Оразбек^{1*}, Л.М. Демесинова¹, Ф.С. Сайфуллина²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Филология және мәдениетаралық коммуникация институты, Қазан, Ресей
(E-mail: makpal_zere@mail.ru, lepa_semey@mail.ru, fsaifulina@mail.ru)

Абай шығармаларындағы Эго, Өздік/Self/Самость архетипі (Абай өлеңдеріндегі «көңілдің» мифопоэтикалық сипаты)

Мақалада К. Юнгтің Эго, Өздік /Самость/ Self архетипінің мәні, ұжымдық бейсаналықтың бір түрі болып саналатындығы зерттелді. Эго мен Өздік ақыл-ойдың үйлесім табуы адамның саналы өмір сүруіне негіз болса, ал Эгоның адамның Өздік ақылына бағынбай алға шығуы мен мендік, өзін-өзі пір тұту, атаққұмарлық, билікқұмарлық сияқты түрлі құмарлыққа салынуына жеткізетіні К. Юнг еңбектерін талдау барысында айқындалды. Абай шығармаларындағы Эго, Self архетипінің көрінісі мифопоэтикалық сипатқа ие екені ақын өлеңдерін талдау барысында анықталды. Сонымен қатар, әдебиеттану ғылымында миф, мифология және мифопоэтиканың өзіндік ерекшелігі және айырмашылығы зерттеуші ғалымдар еңбектерінде сараланды. Мифопоэтиканы зерттеген Г.А. Токарева, С.М. Телегин еңбектеріндегі ғажайып образдардың табиғатындағы мифопоэтиканы көркем шығармадан анықтаудың жолдары мен тәсілдері қарастырылды. Абай шығармаларындағы «көңіл» ұғымының сан түрлі құбылған бейнесін зерттеу арқылы ақынның Эгосын тануға мүмкіндік туды.

Кілт сөздер: Эго, Өздік архетипі, мифопоэтика, миф, көңіл, ұжымдық бейсаналық, мифореставрация.

Kipicne

К. Юнг ұжымдық бейсаналықты (коллективное бессознательное) немесе архетипті зерттеу арқылы түбегейлі жаңалық ашты. Ол Эго мен Өздік/Самость/Self деп аталатын архетипті адамзат санасына тән ұжымдық бейсаналықтың бір түріне жатқызды. К. Юнг адам психикасында әртүрлі архетиптік мазмұнды біріктіруге мүмкіндік беретін жүйелеу немесе ретке келтіру принципі бар екенін анықтап, оны Эго мен Өздік («Самость») деп атады. Бұл екеуі тұлғаның өзіндік менін айқындайтын ұжымдық бейсаналық болып табылады. Осы екеуі тұтастық тапқан кезде адам санасы, ойлау жүйесі реттеліп, белгілі қалыпқа түседі деп санады. Ол туралы К. Юнг: «Мен осы тұтастық үшін саналы және бейсаналық өмір сүрудің жалпы қосындысы үшін «Өздік» терминін таңдадым» («Я выбрал для этой целостности, общей суммы сознательного и бессознательного существования термин «самость») [1: 143]. Эго К. Юнг пайымдауы бойынша адам баласының ойын, сезімін, жандүниесін жан-жақты танытатын тұлға болып табылады. Бұл терминді таңдау үшін ғалым батыс, шығыс философтарын түгел қарап, шешімге келген болатын. «Бұл термин тіпті құдайлардың адам болу үшін жоғалып бара жатқан мәселелерімен ғасырлар бойы айналысқан шығыс философиясымен

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: makpal_zere@mail.ru

келісе отырып таңдалып алынды» (Термин был выбран в согласии с восточной философией, которая веками занималась теми проблемами, которые поднимаются даже там, где боги исчезают, чтобы стать людьми») [1: 143] деп түсіндіреді.

Зерттеудің теориялық негізі

Зерттеу барысында К.Г. Юнгтің Эго, Self сияқты базалық архетиптерінің психоаналитикалық теориялық аспектілері негізінде Абай шығармалары жан-жақты талданды. Ғалымның ғылыми тұжырымдары мен ақын өлеңдері қатар алына отырып, жаңа нәтижелер алынды. Сонымен қатар, қазақ әдебиеттануында миф мәселесінде тұшымды ғылыми тұжырымдама ұсынған С. Қасқабасовтың теориялық ұстанымдары мен мифопоэтика, миф туралы шетелдік Ф. Шеллин, С.М. Телегин, Г.А. Токарева сияқты ғалымдар мен Ф. Ницшенің мифология туралы философиялық ойлары да басшылыққа алынды.

Негізгі бөлім

Жоғары интеллектіге ие Self бейсаналық пен саналылықтың жиынтығы бола отырып, ұстамдылық пен ерекше адамшылықтың үлгісі. «Өздік белгісіз ғана емес, сондай-ақ анықтылықты, тіпті қайталанбастықты парадокс түрде қамтиды» («Самость не только неопределенна, но и парадоксальным образом содержит в себе черты определенности, даже неповторимости») [1: 179] деп, Юнг Самость-Эгоны анық, әрі қайталанбайтын архетип ретінде алады. Оның ойынша, ақыл-ой дамуының мақсаты — эго бейсаналықты «бағындыру» емес, ол өзінің күшін танып, онымен үйлесіп, өз әрекеттерін бейсаналық серіктесінің қажеттіліктері мен тілектеріне бейімдеуінде.

Егер біздің эгомыз (Self -пен) өз-өзімізбен (өзіміздің ақыл-ойымызбен) байланысын жоғалтса, онда біздің бойымызда дереу мазасыздық сезімі пайда болады немесе психикалық көңіл-күйіміз бұзылады, яғни депрессия, тағдырдың рақымынан бас тарту сезімі, үмітсіздік сияқты адам баласына жақсы таныс сезімдер адамның бойын билеп алады. Екінші жағынан, егер біздің эгомыз «Өзімізді» (самость), яғни өзіміздің ақыл-ойымызды билеп алса, яғни Эгоның шексіз мүмкіндіктері мен динамикалық күшін себепсіз талап етсек, оның нәтижесін К. Юнг адам мінезіндегі «инфляция» деп атады, эгоның құнсыздануы, яғни шексіз ұлғаю, сән-салтанатқа әуестік, барлық шындықтан айырылып, өзімізді ерекше сезіну, құдыреттілік, бәрін білу, басқаларды көзге ілмей, өзін пір тұту. Бұл Эго-маньяк пен нарциссистің танымалдығы сияқты өзін ғана жақсы көруден басқа ештеңе емес. Демек, Эгосы күшейсе, Өздіктен («Самостью») басым түссе немесе Өздікті билеп алса, адамның ақылы төмендеп, ессіз сезім мен көңілдің жетегінде кетеді. Адамның Эгосы құнсызданады. Сезім мен көңіл адамның Эгосына қызмет етеді. Көңіл Эгоның бір түрі.

Көңіл — адам баласының өмір сүрген ортасына, әлемге, ақиқатқа, айналасындағы дүниеге назарын салып, олармен өзара үйлесім табуы нәтижесінде адам жанының мың құбылған сырлы әлемі, психологиялық мінез ерекшелігі. Көңіл концептісін бір ғана сөзбен түсіндіру мүмкін емес. Ол алдымен адам жанының белгілі бір күйінен, хал-ахуалынан хабар береді. Адамның көңілі тез өзгеріп, құбылатын қасиетке ие. Себебі, көңіл адамның жан дүниесімен, сезімімен тікелей байланысты. Сондықтан да адам баласының көңілі оның күнделікті өміріндегі оқиғалар мен тіршілігіне тікелей қатысты. Көңіл — ең алдымен адамның жан әлемін, сезім сырын айғақтайды. Көңіл адам рухының айқын көрінісі. Адам өміріндегі көңіл түрлерін атап көрсететін болсақ: жабырқаңқы көңіл, жарқын көңіл, көтеріңкі көңіл, сергек көңіл, қам көңіл, көңілі хош, көңілі өсті, көңілі түсті, көңілі бұзылды, көңілі көтерілді т.б. Сондай-ақ, ақкөңіл, қалтқысыз көңіл, шын көңіл, қара көңіл т.б. адамның мінез-құлқын анықтайтын қасиетке ие. Адамның бір нәрсеге ниетін аңғартады: көңілі ауды, көңілі жоқ, көңілі алаң болды, көңіл аударды, көңіл қоймады, көңіліне жақты немесе жақпады. Адамның жан дүниесіне қатысты, өміріне қатысты ұлттық ұжымдық бейсаналығын айқындайтын тұрақты тіркестер де аз емес: көңілі елжіреді, көңілдері жарасты, көңілі желдей есті, көңілге дақ түсті, көңілі суыды, көңіліне күдік ұялады, көңілі жай тапты, көңіліне түйді, көңілі қалды, көңілін аулады т.б.

Абай Эго архетипін бірқатар өлеңдерінде көңіл ұғымы арқылы барынша айқындаған болатын. Көңіл ұғымына мифопоэтикалық сипат бере отырып, қазақ әдебиетінде жаңа образдар мен сюжеттердің пайда болуына ықпал етті. Мифопоэтиканы зерттеген ғалым Эрандил: «Мифопоэтиканың мифология мен поэтикадан айырмашылығы, оның өзіне тән «ерекшелігі». Бірақ оған миф те, поэтика да тән» [2: 1] деген тұжырым айтады. Демек, автор белгілі бір ұғымға мифопоэтикалық сипат беру үшін миф пен поэтиканы біріктіреді. Қазақ әдебиетінде мифті жан-жақты зерттеген ғалым С. Қасқабасов «Миф дегеніміз — дүние туралы фантастикалық түсінік,

әлемде билік жүргізетін құдайлар мен рухтардың ғажайып образдарының жүйесі (системасы), екіншісі, миф дегеніміз — құдайлар мен алыптар жайындағы ауызекі әңгіме» [3: 73]. Мұнда ғалым мифтің құдайлар мен рухтардың ғажайып образдары туралы өте ертеден келе жатқан көркем шығарманы айтып отыр. Сондай-ақ, мифті зерттеген ғалымдар жеке авторлардың көркем шығармасын бір ғана авторға тән миф деп танитынын айтуға тура келеді. Орыс зерттеушісі Г.А. Токарева «Мифопоэтика У. Блейка. «Миф и мифопоэтика» еңбегінде мифтік дүниетанымға ие көркем шығарма туралы: «Мифтік «генді» қамтитын көркем шығармалар әдеби тәжірибеде әртүрлі анықтамаларға ие болды» [4] деп автордың ойынан туған ғажайып образдар мен сюжетті мифтік «генді» қамтыған шығарма деп түсіндіреді. Белгілі ойшыл Ф. Шеллингтің ойынша: «Мифология — бұл салтанатты киімдегі универсумнан басқа ештеңе емес...» («Мифология есть не что иное, как универсум в более торжественном одеянии...») [5: 113]. Ал, Ф. Ницше үшін миф: «Ғажайыпсыз жасалмайтын, әлемнің шоғырланған бейнесі» («сосредоточенный образ мира, который не может обходиться без чуда») [6: 167]. Демек, автор шығармасындағы бұрын-соңды әдебиетте кездеспеген ғажайып образдар да мифтік сипатқа ие деп батыл айта аламыз. Бірақ оны біз миф немесе мифологизм деп атамаймыз. Оны мифопоэтика деп атаған дұрыс. Ол туралы Г.А. Токарева: «Әдеби шығармадағы мифологиялық принциптің көріну механизмі әлдеқайда маңызды, біз бұл процестің нәтижелері мифопоэтиканы зерттейтініне келісеміз. Мифопоэтика деп ақын шығармасында жүзеге асырылатын және мифпен байланысты жеке авторлардың көркемдік көзқарастары мен принциптерін де атаймыз (мысалы, В. Блейктің мифопоэтикасы)» [4] деп ақын немесе жазушының көркемдік принципін мифопоэтика деп түсіндіреді. Ал, мифологияны зерттеуші С.М. Телегин әдебиетте суреткерлердің ғажайып образ тудыруын «мифореставрация» деп атады. «Мифореставрация әдісі діни-философиялық, этно-мәдени, эволюционистік, салыстырмалы-лингвистикалық және басқа да бағыттардың идеяларын жинақтай отырып, көркем шығарманы талдауда мифологиялық мектептің үздік жетістіктері мен дәстүрлеріне негізделеді» [7: 115] дей отырып, зерттеуші мифореставрацияның үш түрлі жолын атап көрсетеді: өз шығармаларында мифологиялық сюжеттер мен бейнелерді қолдану; шығармасында өзі мифтік жүйені жасау; мифологиялық сананы қайта құру. Абай өз шығармаларында осы аталған үш түрлі әдісті де қолданады. «Масғұт», «Ескендір» поэмаларында шығыс әдебиетінде бұрыннан бар аңыздарды пайдаланған. Ал, өлеңдерінде табиғат құбылысы, жүрек, көңіл және бүкіл ұлт танымына тән ит, жылқы, құс т.б. туралы ғажайып мифопоэтикалық сипаттағы образдар жүйесін жасады. Ендеше Абайдың көңіл туралы сюжеті, Абайдағы көңіл образдары адамның ғажайып сезімі мен алып-ұшқан жан дүниесі туралы мифопоэтикасы деуге болады. Ол басқа ешкімге емес, Абайға ғана тән мифопоэтика болып табылады. С. Қасқабасов мифтің ерекшелігіне жете мән береді. Ол — мифтің құбылушылығы. Яғни бір нәрсенің басқа нәрсеге айналып кетуі. Адамның тасқа айналуы немесе жан-жануарға айналуы сияқты құбылушылыққа тоқталады. Абай өлеңдерінде де көңіл құбылып отырады. Бұл жерде көңіл ұғымы Абай танымында әртүрлі ғажайып сипатқа ие болады. Өлеңдерінде көңілі бірде құсқа айналса, бірде жалындаған отқа айналады, енді бірде махаббат іздеп талпынған адам бейнесіне айналады.

«Кейде есер көңіл құрғырың», «Жастықтың оты, қайдасың», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Ғашықтық, құмарлықпен — ол екі жол», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Өзгеге, көңілім, тоярысың», «Ұяламын дегені көңіл үшін», «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім», «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа», т.б. өлеңдерінде адам баласының қырық құбылған бет бейнесі мен ішкі жан дүниесін, психологиялық ерекшелігін анық айқындаған болатын. К. Юнгтің ойынша, ақыл-ой дамуының мақсаты — эго бейсаналықты «бағындыру» емес, ол өзінің күшін танып, онымен үйлесіп, өз әрекеттерін бейсаналық серіктесінің қажеттіліктері мен тілектеріне бейімдеуінде. Жоғары интеллектіге ие Self бейсаналық пен саналылықтың жиынтығы бола отырып, ұстамдылық пен ерекше адамшылықтың үлгісі. Абай да өз өлеңдерінде көңіл архетипін Эго ретінде алады. «Сап, сап, көңілім, сап, көңілім» өлеңінде:

Сап, сап, көңілім, сап, көңілім
Саяламай, сай таппай,
Не күн туды басына
Күні-түні жай таппай [8: 40], –

деп, көңілімен, яғни өзінің эгосымен адамша сырласып, сабырға шақырады.

Сабыр түбі — сары алтын.
Сабыр қылсын, жайыңды
Білер ме екен бекзатым? [8: 40]

Жоғарыдағы өлең жолдарында Абай көңіл ұғымын өзінің жан дүниесінің жартысы ретінде бөліп қарайды. Шынымен де Юнг айтқандай ақылға бағынбайтын Эгосымен, яғни көңілімен сырласады. Бұл дегеніміз ақын тұлғасының екіге жарылуы (раздвоение личности). Өзіндік (Самость) ақылына, еркіне көнбейтін ырықсыз Эгосы — көңілмен сырласады. Алып-ұшқан көңілге «саяламай сай таппай, не күн туды басыңа?» деп сабырға шақырады. Абайдың көңіл ұғымын бөліп қарауының басты себебі, көңіл адамның бейсаналық психикалық күйі, хал-ахуалы. Көңіл адамның еркінен тыс құбылып отырады. Көңіл қайткенде құбылмалы болады? Жүрегі таза, ақылы кемел адамның көңілі жай табады. Яғни жүректің қалауына көңілі бағынса, адамның жан дүниесі де бірқалыпты болады. Абайдың: «Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз қол емес, Ынталы жүрек, шын көңіл, Өзгесі хаққа жол емес» [8: 13], — деген сөзінде жүректің әуел бастан иман ұясы екендігін нұсқап тұр. Сондықтан да жүректің қалауы Хақ тағала болса, оның ықыласының көрсеткіші ретінде риясыз көңіл бой көрсетеді. Адамның жүрегі мен ақылы Алланы танып, Жаратушының хақ жолымен үйлескен кезде көңіл де орнына түсіп, жай табады. Адам психикасындағы ақылы мен еркіне бағынбайтын, ырықсыз Эгосы, яғни Абайша айтқанда, көңілі Өздік ақылына бой ұсынып, онымен тұтастықта болған кезде адам кемелденеді. Ұжымдық бейсаналық негізінен психикалық мазмұнның едәуір бөлігін құрайтын бұрыннан бар және әмбебап формалар (идеялар, бейнелер, символдар) болып табылатын архетиптерден тұрады. Адам санасындағы әртүрлі бейнелер, елестер, идеялар көңіл көрінісі арқылы сыртқа шығады. Яғни, Юнгше айтқанда, Абайдың Эгосы — көңілі Өздік ақылға бағынбаса, Өздікпен тұтастықта болмаса, онда көңілі шарықтап, мақтан мен менмендікке бой ұрып, атаққұмарлық, нәпсіқұмарлық, ойынқұмарлық, дүниеқұмарлық сияқты құмарлыққа жол береді. Абай көңіл болмысына терең бойлап, көп көңілдің тұрақсыз болмысын бөле-жара жырлағанын білеміз. Бір өлеңінде:

Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?
Босқа әуре қылмай, шыныңды айт.
Шарқ ұрып, тыныштық бермейсің... [8: 134]

деуі осы көңіл ұғымының адамның ішкі «Мені» Эгосы екенін аңғартады. Кейбір адамның шарқ ұрып, басын тауға да тасқа соғып, өмірінде әртүрлі жағдайға, трагедияға ұрынып жатуы, осы тікелей адам баласындағы Меннің, Эгоның алға шығуы деп түсінеміз. Абай өзінің Эгосын үнемі ақылға шақырып, оны тыныштандырып, өзінің адамшылық болмысымен тұтастықта ұстауға тырысады. Тіпті ақындық шабытын да көңілімен байланысты қарайды.

Өзгеге көңілім тоярсың,
Өлеңді қайтіп қоярсың?
Оны айтқанда толғанып,
Іштегі дертті жоярсың [8: 119].

Бұл жерде ақынның көңілі өзінің «менінің» ассоциациясы. Өлеңді шығарушы — көңіл. Толғанып оны айтқанда, ақынның іштегі дертін сыртқа шығарады. Көңіл ақынның жан дүниесіндегі тебіренісі мен толғанысын бөлісуші. Көңілге адамдық сипат береді. Тағы бір өлеңінде:

Кейде есер көңіл құрғырын,
Махаббат іздеп талпынар [8: 120].

Абай көңіл ұғымын махаббат іздеген жастық шақтың, алып-ұшқан жастық сезімнің ассоциациясына айналдырады. «Көңіл» ұғымына айрықша эстетикалық мағына бере отырып, оның ерекше образын жасайды. Көңілдің табиғатына құдыреттілікті дарыта отырып, оның ғажайып бейнесін жасайды.

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа
Адам ойы түрленіп ауған шақта.
Салған ән — көлеңкесі сол көңілдің,
Тактысына билесін ол құлаққа [8: 5].

Бұл өлең жолдарында адамның ойы мен көңілін биікке самғаған құс бейнесінде ала отырып, адамның салған әнін көңілінің көлеңкесіне айналдырады. Сонда көңіл ұғымы бірде «шартарапты», яғни дүниенің төрт бұрышын кезген құс бейнесіне айналса, енді бірде адамның салған әнін көңілдің көлеңкесі деп, деректі затқа айналдырады. Демек образға ғажайып «құдырет» береді. Ол туралы С.М. Телегин: «Әдебиетте сөздің құдыреті және адами табиғаты, оның трансцендентті шығу тегі мен имманентті көрінісімен табысады» [9]. Бұл өлеңде Абайдың көңіл сөзін жандандырғанын, әсемдікпен жарқыратып ерекше мағыналы образға айналдырғанын көреміз.

Қорытынды

Қорыта айтар болсақ, Абай шығармаларынан ақынның қайталанбас тұлғасын қазақ әдебиетінде бұрын-соңды кездеспеген архетиптік образдар жасауымен және оның әлемдік архетиптермен үндестігін, үйлестігін анық байқаймыз. Ұлттық әдебиетте әлемдік архетип кескіндерді жаңғыртып, жаңаша образ тудырған Абайдың Эгосы, яғни өзінің «толық адам» бейнесін шығармаларында айқындап берді. Осы ретте, К. Юнг тұлғаны «Самость» деп атайды, яғни адам табиғатының ең жоғары дәрежеде толығуы деп көрсеткен. Сонда ақынның Өзіндік тұлғасы шығармаларында кейіпкер, персонаж, символдар мен мотивтердің жаңа кескінін тудыруында жатыр.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Юнг К.Г. Архетип и символ / К.Г. Юнг. — М.: Ренессанс, 1991. — 297 с.
- 2 Семёнов А.И. Мифопоэтическое пространство в литературе XX века [Электронный ресурс] / А.И. Семенов. — Режим доступа: <http://www.tolkien.spb.ru/mifop.htm>.
- 3 Қасқабасов С. Таңдамалы. Бірінші том. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер / С. Қасқабасов. — Астана: Фолиант, 2014. — 320 б.
- 4 Токарева Г.А. Мифопоэтика У. Блейка. «Миф и мифопоэтика» [Электронный ресурс] / Г.А. Токарева. — Режим доступа: <http://lit-prosv.niv.ru/lit-prosv/tokareva-mifopoetika-blejka/mif-i-mifopoetika.htm>.
- 5 Шеллинг Ф.В. Философия искусства / Ф.В. Шеллинг. — М.: Мысль, 1999. — 608 с.
- 6 Ницше Ф. Рождение трагедии из духа музыки / Ф. Ницше. — Минск: Присцельс, 1996. — 177 с.
- 7 Телегин С.М. Миф и литература / С.М. Телегин. — Рязань, Узорочье, 2000. — 178 с.
- 8 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1 т. / А. Құнанбайұлы. — Алматы: Жазушы, 2016. — 296 б.
- 9 Телегин С.М. Русский мифологический роман [Электронный ресурс] / С.М. Телегин. — Режим доступа: <https://proza.ru/2019/07/11/908>.

М.С. Оразбек, Л.М. Демесинова, Ф.С. Сайфуллина

Архетип Эго, Самость/Self в творчестве Абая Мифопоэтические особенности «настроения» в стихах Абая

В статье Эго, сущность архетипа Самости/Self К. Юнга рассмотрена как разновидность коллективно-го бессознательного. При анализе работ К. Юнга выявлено, что гармония Эго и разума Самость является основой сознательной жизни, а непослушание Эго разуму Самости ведет к таким различным страстям, как высокомерие, самопокровительство, тщеславие и жажда власти. Анализ стихотворений поэта показал, что проявление архетипа Эго, Самости/Self в творчестве Абая носит мифопоэтический характер. Особенности и различия мифа, мифологии и мифопоэтики в литературоведении были выделены из работ ученых-исследователей. В трудах Г.А. Токаревой, С.М. Телегина, исследовавших мифопоэтику, рассмотрены пути и способы выявления мифопоэтики в природе удивительных образов в художественном произведении. Познавание Эго поэта стало возможным благодаря изучению изменчивого образа понятия «душевное состояние» в произведениях Абая.

Ключевые слова: Эго, архетип Самости, мифопоэтика, миф, настроение, коллективная бессознательность, мифореставрация.

M.S. Orazbek, L.M. Demessinova, F.S. Sayfulina

Archetype Ego, Self in Abai's work (Mythopoetic features of “Mood” in Abai's poems)

In this article, the essence of the archetype of the Ego, the Self of K. Jung is considered as a kind of collective unconsciousness. When analyzing the works of K. Jung, the harmony of the Ego and mind, the Self is the basis of conscious life, and the disobedience of the Ego to the mind of the Self leads to various passions, such as arrogance, self-patronage, vanity, and lust for power. An analysis of the poet's poems has demonstrated that the manifestation of the archetype of the Ego, Self in Abai's work is mythopoetic in nature. The peculiarities and differences of myth, mythology and mythopoetics in literary criticism are highlighted from the works of researchers. In the studies of G.A. Tokareva, S.M. Telegin, who studied mythopoetics, the ways

and methods of revealing mythopoetics in nature of amazing images in a work of art are considered. Cognition of the poet's ego became possible owing to the study of the diverse and changeable image of the concept of "state of mind" in the works of Abai.

Keywords: Ego, archetype of the Self, mythopoetics, myth, mood, collective unconsciousness, myth restoration.

References

- 1 Yung, K.G. (1991). Arkhetip i simvol [Archetype and symbol]. Moscow: Renessans [in Russian].
- 2 Semenov, A.I. Mifopoeticheskoe prostranstvo v literature XX veka [Mythopoetic space in the literature of the XX century]. Retrieved from <http://www.tolkien.spb.ru/mifop.htm> [in Russian].
- 3 Qasqabasov, S. (2014). Tandamaly. 1-tom. Qazaqtyn khalyq prozasy. Zertteuler [Optional. Vol. 1. Kazakh folk prose. Research]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 4 Tokareva, G.A. Mifopoetika U. Bleika. «Mif i mifopoetika» [Mythopoetics by W. Blake. "Myth and mythopoetics"]. Retrieved from <http://lit-prosv.niv.ru/lit-prosv/tokareva-mifopoetika-blejka/mif-i-mifopoetika.htm> [in Russian].
- 5 Shelling, F.V. (1999). Filosofii iskusstva [Philosophy of art]. Moscow: Mysl [in Russian].
- 6 Nitsshe, F. (1996). Rozhdenie tragedii iz dukha muzyki [The birth of tragedy from the spirit of music]. Minsk: Pristsels [in Russian].
- 7 Telegin, S.M. (2000). Mif i literatura [Myth and literature]. Ryazan, Uzoroche [in Russian].
- 8 Qunanbaiuly, A. (2016). Shygarmalarynyn eki tomdyq tolyq zhinagy [Complete collection of works in two volumes]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 9 Telegin, S.M. Russkii mifologicheskii roman [Russian mythological novel]. Retrieved from <https://proza.ru/2019/07/11/908> [in Russian].